

**"Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 4 наурыздағы № 246 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 10 наурызда № 27071 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14613 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 124-бабына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін бюджеттік есептілікті ұсыну мерзімін ведомство белгілейді. Мемлекеттік мекемелер бюджеттік есептілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері белгілеген және олар бюджеттік есептілікті ұсынған күнге дейін мемлекеттік мекемелердің назарына жеткізген мерзімде ұсынады."

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мынадай есептердің түрлерін жасайды және ұсынады:

тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарының орындалуы туралы есеп – 1-АҚ нысаны бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 1-АҚ нысаны);

филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен ақша түсімі және олардың жұмсалуды туралы есеп – 2-ДҚ нысаны бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 2-ДҚ нысаны);

өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп – 3-ӨШ нысаны бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 3-ӨШ нысаны);

"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) бекітілген 4-20-нысан бойынша бюджеттік сыныптама жөніндегі шығыстар бойынша жиынтық есеп (бұдан әрі – 4-20-нысан);

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының (бұдан әрі – МӘСК) түсімдері мен шығыстары туралы есеп 8-МӘСК нысаны бойынша осы Қағидаларға 9-1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 8-МӘСК);

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының (бұдан әрі – ӘлМСҚ) түсімдері мен шығыстары туралы есеп 8-ӘлМСҚ нысаны бойынша осы Қағидаларға 9-2-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 8-ӘлМСҚ).";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары мынадай есеп түрлерін қалыптастырады және ұсынады:

республикалық, тиісті жергілікті бюджеттердің, мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы осы Қағидаларға 10 және 11-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – бюджеттің атқарылуы туралы есептер);

шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақшаның қозғалысы туралы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен пайдаланылуы және жәбірленушілерге жүргізілген өтемақы төлемдері туралы осы Қағидаларға 13-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

1-АҚ-УО нысаны бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақша шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп – осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 1-АҚ-УО нысаны);

2-ДҚ нысанын;

республикалық бюджет көрсеткіштерінің орындалуы туралы деректер осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес;

есепті деректерді тексеріп салыстыру актісі осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес;

бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөле отырып, бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есеп осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес 6-БДБ-нысан бойынша."

;

4-тарау алып тасталсын;

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп мынадай бөлімдерді (кіші бөлімді) қамтиды:

1) кірістер (I)

салықтық түсімдер;

салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;

трансферттер түсімі;

2) шығындар (II);

3) таза бюджеттік кредит беру (III):

бюджеттік кредиттер;

бюджеттік кредиттерді өтеу;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо (IV):

қаржы активтерін сатып алу;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;

5) бюджет тапшылығы (профициті) (V);

5-1) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) (VI);

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) (VII):

қарыздар түсімі;

қарыздарды өтеу;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары;

7) "Бюджет қаражатының қалдықтары" анықтамалық бөлімі:

қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының қалдықтары;

есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары.";

мынадай мазмұндағы 53-1-тармақпен толықтырылсын:

"53-1. VI "Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті)" бөлімі қарыздарды өтеуді қоспағанда, қарыздар түсімдерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан трансферттер түсімдерін және шикі мұнайға салынатын кедендік әкету бажын алып тастағандағы республикалық немесе мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер мен республикалық немесе мемлекеттік бюджеттің шығыстары арасындағы айырмаға тең бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығын (профицитін) көрсетеді.

Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) мынадай формула бойынша анықталады:

$NDb (NPb) = D - T (NF) - VTP - Z - K - S$ , мұнда

NDb – бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы;

NPb – бюджеттің мұнайға қатысты емес профициті;

D - кірістер;

T (NF) – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан трансферттер түсімі;

VTP – шикі мұнайға салынатын кедендік әкету бажы;

Z – шығындар;

K – таза бюджеттік кредит беру;

S – қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо.

Теріс белгісімен алынған шама мұнайға қатысты емес тапшылығы, оң белгісімен алынған шама – бюджеттің мұнайға қатысты емес профициті болып табылады.";

54-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"54. VII "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі: "Қарыздар түсімі", "Қарыздарды өтеу", "Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары" деген кіші бөлімдерден тұрады және қарыз алу мен бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды қамтамасыз етуді немесе қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бюджет профицитін, қарыздар қаражатын, бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтарын жұмсауды көрсетеді."

57-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) аяқталу мерзімі Бюджет кодексінің 157-бабы 1, 1-1 және 2-тармақтарында және 159-бабының 1-1-тармағында көрсетілген бекітілген құжаттамаға сәйкес бюджеттік инвестицияларды іске асыру кезеңіне сәйкес келетін бюджеттік инвестицияларды одан әрі қаржыландыруға;"

65-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Шоғырландырылған бюджет - өз араларында өзара өтелетін операциялар ескерілмей, республикалық бюджетті, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен шығыстарын, Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен төлемдерін, МӘСҚ түсімдері мен шығыстарын, ӘлМСҚ түсімдері мен шығыстарын біріктіретін мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры.";

77-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау мына:

1) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептің;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар және астана бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің негізінде құрылымдық бөлімшенің өзі қалыптастырған

жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана бойынша жиынтық) есептің;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы есептің;

4) Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен пайдаланылуы және жәбірленушілерге жүргізілген өтемақы төлемдері туралы есептің;

5) МӘСҚ түсімдері мен шығыстары туралы есептің;

6) ӘлМСҚ түсімдері мен шығыстары туралы есептің негізінде жүргізіледі.";

79 және 80-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің, облыс бюджетінің атқарылуы туралы есеп осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес қалыптастырылады:

бұл ретте, 4-бағандағы "Шығару сомасы":

I "Кірістер" бөлімі бойынша жиыны:

кірістердің 2-санаты бойынша (1,0 млрд. теңге) – бұл төмен тұрған бюджеттерге берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер) сомасы, кірістердің 4-санаты бойынша (230,0 млрд. теңге = 20,0 млрд. теңге + 210,0 млрд. теңге) - бұл бюджеттік алып қоюлар ретінде жоғары тұрған бюджеттен алынған және төмен тұрған бюджет жоғары тұрған бюджеттен субвенциялар, нысаналы ағымдағы трансферттер мен нысаналы даму трансферттері (жоғары тұрған бюджеттің резервінен алынған трансферттерді қоса алғанда) нысанында алынған трансферттердің сомасынан тұрады.

II "Шығындар" бөлімі бойынша жиыны:

жоғары тұрған бюджет төмен тұрған бюджетке берілген трансферттердің (90,0 млрд . теңге - субвенциялар, 80,0 млрд. теңге - нысаналы ағымдағы және нысаналы даму трансферттері), жоғары тұрған бюджетке төмен тұрған бюджеттен берілген трансферттердің (60,0 млрд. теңге - бюджеттік алымдар) және үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығындардың (1,0 млрд. теңге) сомаларынан тұрады.

III "Таза бюджеттік кредит беру" бөлімі:

"Бюджеттік кредиттер" кіші бөлімі бойынша жиын жоғары тұрған бюджеттің төмен тұрған бюджетке бөлінген кредиттердің сомасынан тұрады.

Қаралатын мысалда жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға (40,0 млрд.теңге) және төмен тұрған бюджеттердегі қолма-қол ақша тапшылығын жабуға (1,0 млрд. теңге) бөлінген кредиттер сомасы орын алады. Егер жоғары тұрған бюджеттің резерві төмен тұрған бюджеттерде қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бөлінбеген жағдайда, онда мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің, облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру кезінде оның сомасы алынып тасталмайды.

Қаралатын мысалда "Кредиттерді өтеу" кіші бөлімінің жиыны төмен тұрған бюджет жоғары тұрған бюджеттен қолма-қол ақша тапшылығын жабуға алған кредитті төмен тұрған бюджеттің толық өтеу сомасымен берілген. Егер бұл резерв мемлекеттік,

шоғырландырылған бюджеттердің, облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру күніне бөлінбеген немесе ішінара бөлінген жағдайда, онда алып тастау үшін сома не болмайды, не ол төмен тұрған бюджетке бөлінген және олардың өтеуіне жататын резервтің сол бөлігін құрайтын болады.

VI "Бюджет тапшылығын қаржыландыру" бөлімі бойынша:

қаралатын мысалда "Қарыздар түсімі" жолы бойынша сома жоғары тұрған бюджеттен алынған кредиттер сомасына тең, ал "Қарыздарды өтеу" жолының сомасы төмен тұрған бюджеттің кредиттерін өтеу сомасына тең. Қаралатын мысалда ағымдағы қаржы жылында өтелуге жататын төмен тұрған бюджет алған 1,0 млрд. теңге сомасындағы кредит өтелуге жатады. Ағымдағы қаржы жылында төмен тұрған бюджет алған 40,0 млрд. теңге сомасындағы кредит, айталық, 2 жылдан кейін өтелуге жатады, осыған байланысты ағымдағы қаржы жылында төмен тұрған бюджет оны өтеу бойынша шығыстарды көтермейді.

8 "Шығару сомасы" бағанында:

I "Кірістер" бөлімі бойынша жиын:

ҚР Ұлттық қорынан республикалық бюджетке келіп түскен трансферттер сомасынан тұрады.

II "Шығындар" бөлімі бойынша жиын:

ҚР Ұлттық қорынан республикалық бюджетке берілген трансферттер сомасынан тұрады.

12 "Шығару сомасы" бағанында:

I "Кірістер" бөлімі бойынша жиын:

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуге және әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде медициналық көмек көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектілеріне қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуге, қордың шығындарын өтеуге – ӘлМСҚ-ға республикалық бюджеттен келіп түскен трансферттер сомасынан (38,0 млрд.теңге = 28,0 млрд. теңге + 10,0 млрд. теңге) тұрады.

II "Шығындар" бөлімі бойынша жиын:

ТМККК шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуге және әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектілеріне қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуге, қордың шығындарын өтеуге – ӘлМСҚ-ға республикалық бюджеттен берілген трансферттер сомасынан (38,0 млрд.теңге = 28,0 млрд. теңге + 10,0 млрд. теңге) тұрады.

80. Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы есеп өзіне мынадай бөлімдерді (кіші бөлімдерді) қамтиды:

- 1) кірістер (I):
    - салықтық түсімдер;
    - салықтық емес түсімдер;
    - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;
    - трансферттер түсімдері;
  - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер (II);
  - 3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер (III);
  - 4) МӘСҚ-ға түсетін түсімдер (IV);
  - 5) ӘлМСҚ-ға түсетін түсімдер (V);
  - 6) шығындар (VI);
  - 7) Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ-нан төлемдер (VII);
  - 8) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорды басқарумен және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізумен байланысты шығыстарды жабу (VIII);
  - 9) МӘСҚ шығыстары (IX);
  - 10) ӘлМСҚ шығыстары (X);
  - 11) таза бюджеттік кредит беру (XI):
    - бюджеттік кредиттер;
    - бюджеттік кредиттерді өтеу;
  - 12) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо (XII):
    - қаржы активтерін сатып алу;
    - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;
  - 13) бюджет тапшылығы (профициті) (XIII);
  - 14) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) (XIV);
  - 15) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) (XV):
    - қарыздар түсімі;
    - қарыздарды өтеу;
    - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары;
  - 16) "Бюджет қаражатының қалдықтары" анықтамалық бөлімі:
    - қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының қалдықтары;
    - есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары.
- Бюджет тапшылығы (профициті) мынадай формула бойынша аңқталады:
- $$Db(Pb) = D+Ip+Id+Dgfss+Dfsmss-Z-Pr-Wk-K-S-Rfgss-Rfsmss,$$
- мұнда:
- Ip – Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер;
  - Id – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер;
  - Dgfss – МӘСҚ-ға түсімдер;

Dfsms – ӘлМСҚ-ға түсімдер.

Pr – Ұлттық қорды басқарумен және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізумен байланысты шығыстарды жабу;

Wk – Жәбірленушілерге өтемақы қоры ҚБШ төлеу;

Rgfss – МӘСҚ шығыстары;

Rfsms – ӘлМСҚ шығыстары;

Теріс белгісімен алынған шама тапшылық, оң белгісімен алынған шама – бюджеттің профициті болып табылады.

Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) мынадай формула бойынша анықталады:

$$NDb(NPb) = D - T (NF) - VTP + Ip + Id + Dgfss + Dfsms - Z - Pr - Wk - K - S - Rgfss - Rfsms.$$

Теріс белгісімен алынған шама мұнайға қатысты емес тапшылығы, оң белгісімен алынған шама – бюджеттің мұнайға қатысты емес профициті болып табылады.";

94 және 95-тармақтар мынадай реакцияда жазылсын:

"94. Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы айлық/жылдық есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі:

1) ведомство ұсынған республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректердің;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ұсынған, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің негізінде құрылымдық бөлімшенің өзі қалыптастырған жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша жиынтық) есептің;

3) ведомство ұсынған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы есептің;

4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау функциясын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі ұсынған Ұлттық қорды басқарудан түскен инвестициялық кірістердің және Ұлттық Қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің жоспарлы көрсеткіштерінің;

5) ведомство ұсынған Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен оның пайдаланылуы және жәбірленушілерге жүргізілген өтемақы төлемдері туралы есептің;

6) МӘСҚ түсімдері мен шығыстары туралы есептің;

7) ӘлМСҚ түсімдері мен шығыстары туралы есептің негізінде жасалады.



95. Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы айлық/жылдық есеп мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептер үшін осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде жасалады және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган электрондық түрде (біріктірілген түрде) ілеспе хатпен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 104-2-тармақпен толықтырылсын:

"104-2. МӘСҚ түсімдері мен шығыстары туралы айлық/жылдық есепті орталық уәкілетті орган жасайды және ол мына бөлімдерді қамтиды:

- 1) Түсімдер, барлығы (I),
- 2) Шығыстар (II);
- 3) Түсімдер мен шығыстар сальдосы (III);
- 4) Қаржы жылының басындағы МӘСҚ ақша қалдығы (IV);
- 5) Есепті кезеңнің соңындағы МӘСҚ ақша қалдығы (V);

I "Түсімдер" бөлімі МӘСҚ түсетін түсімдер сомасын көрсетеді.

II "Шығыстар" бөлімі МӘСҚ жүргізілген төлемдер сомасын көрсетеді.

III "Түсімдер мен шығыстар сальдосы" бөлімі I "Түсімдер" және II "Шығыстар" бөлімдері арасындағы айырма сомасын көрсетеді.

IV "Қаржы жылының басындағы МӘСҚ ақша қалдығы" бөлімі қаржы жылының басындағы МӘСҚ ақша қалдығының сомасын көрсетеді.

V "Есепті кезеңнің соңындағы МӘСҚ ақша қалдығы" бөлімі III "Түсімдер мен шығыстар сальдосы" және IV "Қаржы жылының басындағы МӘСҚ ақша қалдығы" бөлімдерінің жиынтық сомасын көрсетеді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылы үшін есептіден кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде ұсынады.

ӘлМСҚ түсімдері мен шығыстары туралы айлық/жылдық есепті орталық уәкілетті орган жасайды және ол мына бөлімдерді қамтиды:

- 1) Түсімдер, барлығы (I),  
оның ішінде трансферттер:

- ТМККК шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуге;

- әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектілеріне қызметтер көрсетуге ақы төлеуге арналған қордың шығындарын өтеуге;

- 2) Шығыстар (II);
- 3) Түсімдер мен шығыстар сальдосы (III);
- 4) Қаржы жылының басындағы ӘлМСҚ ақша қалдығы (IV);
- 5) Есепті кезеңнің соңындағы ӘлМСҚ ақша қалдығы (V);

I "Түсімдер" бөлімі республикалық бюджеттен берілетін трансферттердің жеке жолын көрсете отырып, ӘлМСҚ түсетін түсімдер сомасын көрсетеді.

II "Шығыстар" бөлімі ӘлМСҚ жүргізілген төлемдер сомасын көрсетеді.

III "Түсімдер мен шығыстар сальдосы" бөлімі I "Түсімдер" және II "Шығыстар" бөлімдері арасындағы айырма сомасын көрсетеді.

IV "Қаржы жылының басындағы ӘлМСҚ ақша қалдығы" бөлімі қаржы жылының басындағы ӘлМСҚ ақша қалдығының сомасын көрсетеді.

V "Есепті кезеңнің соңындағы ӘлМСҚ ақша қалдығы" бөлімі III "Түсімдер мен шығыстар сальдосы" және IV "Қаржы жылының басындағы ӘлМСҚ ақша қалдығы" бөлімдерінің жиынтық сомасын көрсетеді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылы үшін есептіден кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде ұсынады.";

105-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"105. Бюджеттік және қаржылық есептіліктерді үйлестіру мақсатында есептердің осы нысандарын өзара салыстырып тексеру жүргізіледі.

Қаржылық және шоғырландырылған қаржылық есептілікпен салыстырып тексеру үшін мынадай:

1-АҚ нысаны бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарының орындалуы туралы есеп;

1-АҚ-УО нысаны бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарының орындалуы туралы есеп;

2-ДҚ нысаны бойынша филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен ақша түсімі және олардың жұмсалуы туралы есеп;

4-20-нысан бойынша шығыстар бойынша жиынтық есеп;

республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер;

1-27-нысан бойынша жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер пайдаланылады.

Алшақтықтар табылған кезде алшақтықтардың себептерін айқындау және оларды жою бойынша жұмыстар жүргізіледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2 қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес көрсетілген Қағидаларға 9-1 және 9-2-қосымшалармен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 10, 11, 12, 13-1 және 15-қосымшалар осы бұйрыққа 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 21, 22 және 23-қосымшалар осы бұйрыққа 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2022 жылғы 4 наурыздағы  
№ 246 бұйрығына  
1-қосымша  
Мемлекеттік мекемелердің,  
бюджеттік бағдарламалар  
әкімшілерінің, бюджетті атқару  
жөніндегі уәкілетті органдардың  
және аудандық маңызы бар  
қалалар, ауылдар, кенттер,  
ауылдық округтер әкімдері  
аппараттарының бюджеттік  
есептілікті жасау және ұсыну  
қағидаларына 1-қосымша

**Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау нысандарының тізбесі**

Кезеңділік				Нысандардың атауы
айлық	тоқсандық	жартыжылдық	жылдық	
1	2	3	4	5

		жартыжылдық	жылдық	Тауарларды ( жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарының орындалуы туралы есеп - 1-АҚ нысаны *
		жартыжылдық	жылдық	1-АҚ нысаны бойынша тауарларды ( жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарының орындалуы туралы есеп - 1-АҚ-УО нысаны**
		жартыжылдық	жылдық	Филантропиялық қызметтен және ( немесе) демеушілік қызметтен және ( немесе) меценаттық қызметтен және ( немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен ақша түсімі және олардың жұмсалуды туралы есеп – 2ДҚ-нысан
		жартыжылдық	жылдық	Өкілдік шығындар бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп 3-ӨШ нысаны
айлық			жылдық	Бюджеттің атқарылуы туралы есеп
айлық			жылдық	Қазақстан Республикасының шоғырландырылған бюджетінің атқарылуы туралы есеп

айлық			жылдық	Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөле отырып, бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есеп – 6-БДБ-нысан
айлық			жылдық	Б а с ы м республикалық бюджеттік инвестициялардың атқарылуы туралы есеп
айлық			жылдық	Инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік даму бағдарламаларының орындалуы туралы есеп-7-БИЖ нысаны
айлық			жылдық	Б ю д ж е т көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер
айлық			жылдық	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есеп
айлық			жылдық	Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен пайдаланылуы және жәбірленушілерге жүргізілген өтемақы төлемдері туралы есеп

айлық			жылдық	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы есеп
айлық			жылдық	Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы есеп
айлық			жылдық	Бюджеттік сыныптама бойынша шығыстар бойынша жиынтық есеп-4-20-нысан
айлық			жылдық	Есепті деректерді салыстырып тексеру актісі

Ескертпе:

\*1-АҚ нысаны – мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін

\*\*1-АҚ-УО нысаны – бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну нысаны

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2022 жылғы 4 наурыздағы  
№ 246 бұйрығына  
2-қосымша  
Мемлекеттік мекемелердің,  
бюджеттік бағдарламалар  
әкімшілерінің, бюджетті атқару  
жөніндегі уәкілетті органдардың  
және аудандық маңызы бар  
қалалар, ауылдар, кенттер,  
ауылдық округтер әкімдері  
аппараттарының бюджеттік  
есептілікті жасау және ұсыну  
қағидаларына 2-қосымша

**Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті ұсыну нысаны**

Есептерді ұсыну нысаны:						
				Аудандық маңызы	Ауданның (облыстық)	Облыстың ( республикалық)

№ р/с	Есептер нысандарының атауы	Мемлекеттік мекемелер	Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі	Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі	бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары	маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары	маңызы бар қаланың, астананың) бюджетін атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар	Республикалық бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган (ведомстволар)
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарының орындалуы туралы есеп – 1-ӨҚ/1-ӨҚ-УО нысаны	Электронды түрде және қағаз тасығышта	Электронды түрде және қағаз тасығышта	А Ж арқылы	Электронды түрде және қағаз тасығышта	Электронды түрде және қағаз тасығышта	А Ж арқылы	біріктірілген форматта ЭҚАБЖ бойынша есепті деректерді растаумен А Ж арқылы (бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша деректері з)
2	Филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету	Электронды түрде және қағаз тасығышта	А Ж арқылы	А Ж арқылы	Электронды түрде және қағаз тасығышта	Электронды түрде және қағаз тасығышта	А Ж арқылы	біріктірілген форматта ЭҚАБЖ бойынша есепті деректерді растаумен А Ж арқылы (бюджет шығыстарының экономикалық

	жөніндегі қызметтен ақша түсімі және олардың жұмсалуды туралы есеп – 2-ДҚ нысаны						сыныптамасының ерекшеліктері бойынша деректері з)
3	Өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп-3-ӨШ нысан		Электрондық түрде және қағаз тасығышта	Электрондық түрде және қағаз тасығышта			
4	Жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп			Электрондық түрде және қағаз тасығышта	Электрондық түрде және қағаз тасығышта	функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бағдарламалар, кіші бағдарламалар бойынша бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары, кіші сыныптары мен ерекшеліктері және бюджет шығыстары бойынша бюджет	-



							түсімдерін көрсете отырып, А Ж арқылы және ЭҚАБЖ бойынша (қағаз тасымалдағыштағы жылдық есеп)	
5	Республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер							айлық - А Ж арқылы және біріктірілген нысандағы ЭҚАБЖ арқылы, онда бюджетке түсетін түсімдерді қамтитын республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімінде бюджет түсімдері сыныптамасы түсімдерінің санаттары мен сыныптары қамтылуға тиіс, ал бюджет шығыстарын қамтитын есептің бөлімдерінде бюджет шығыстар

								ы сыныптам асының функцион алдық топтары мен кіші топтары қамтылуға тиіс; жылдық - АЖ және ЭҚАБЖ арқылы толық көлемде
6	Қазақстан Республик а с ы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағ ы ақша қозғалысы туралы есеп							А Ж арқылы және ЭҚАБЖ бойынша
7	Жәбірлену шілерге өтемақы қорының түсімдері және оны пайдалану туралы есеп							А Ж арқылы және ЭҚАБЖ бойынша
8	Бюджеттік сыныптам а бойынша шығыстар бойынша жиынтық есеп (4-20- нысан)	Электронд ық түрде және қағаз тасығышт а	Электронд ық түрде және қағаз тасығышт а	А Ж арқылы				
9	Есепті деректерді салыстыр ып тексеру актісі				Электронд ық түрде және қағаз тасығышт а	Электронд ық түрде және қағаз тасығышт а	Электронд ық түрде және қағаз тасығышт а	-
	Инвестици я лы қ							

10	жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік даму бағдарламаларының орындалуы туралы есеп – 7-БИЖ нысаны			Электронды түрде			
11	8-МӘСҚ нысаны			Электронды түрде			
12	8-ӘлМСҚ нысаны			Электронды түрде			

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

РББӘ – республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі;

ЭҚАБЖ – электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі;

АЖ – ақпараттық жүйе

МӘСҚ – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры;

ӘлМСҚ – Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2022 жылғы 4 наурыздағы  
№ 246 бұйрығына  
3-қосымша  
Мемлекеттік мекемелердің,  
бюджеттік бағдарламалар  
әкімшілерінің, бюджетті атқару  
жөніндегі уәкілетті органдардың  
және аудандық маңызы бар  
қалалар, ауылдар, кенттер,  
ауылдық округтер әкімдері  
аппараттарының бюджеттік  
есептілікті жасау және ұсыну  
қағидаларына 9-1-қосымша  
Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға

Нысан интернет - ресурста орналастырылған: [www.minfin.gov.kz](http://www.minfin.gov.kz)

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы есеп

Индекс: 8-МӘСҚ нысан

Кезеңділігі: ай сайын, жылдық

Есепті кезең: \_\_\_\_\_ жылдарға арналған

Ұсынатын тұлғалар тобы: бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі

Ұсыну мерзімі:

ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылы үшін есептіден кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде.

мың теңге

Атауы	Болжам		Нақты орындау	
	Есепті кезеңге	Жыл басынан	Есепті кезеңге	Жыл басынан
1	2	3	4	5
I. түсімдер, барлығы				
-				
II. шығыстар, барлығы				
III. түсімдер мен шығыстар сальдосы				
IV. қаржы жылының басындағы МӘСҚ ақша қалдығы				
V. есепті кезеңнің соңындағы МӘСҚ ақша қалдығы				

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) қолы, телефоны

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

Мөр орны

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МӘСҚ – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры

ӘлМСҚ – Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

